Рахманқұл БЕРДІБАЙ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор, ҰҒА академигі

МҰРАТТАСТЫҚ ЖОЛЫНДА

ХХ ғасырдың елуінші жылдарына дейінгі есейген буынның азаматтық қалыптасуында кеңестік идеологияның ықпалы күшті болатын. Қоғамдық өмір саласында қаншама жетіспеушілік, тіпті әділетсіздік орын теуіп отырғанын жұртшылық біле бермейтін. Күллі үгіт-насихаттық құрал совет елінің жетістігін насихаттауға қызмет етіп, кездескен кемшіліктер «қоғамның ілгерілеу жолындағы» түзелуі оңай, жекелеген нұқсандар, олар коммунизмнің нұрлы идеясына кір шалдыра алмайды» деп түсіндірілетін. Ұзақ жылдарға созылған әкімшілік, әміршілдік жүйе адамдардың дүниетанымын бірыңғай қалыпқа түсіргені соншалық – әлгіндей ұғымды өзгерту былай тұрсын, «солай болуы тиіс» деп ойлаудың өзі мүмкін еместей хал орныққан еді. Қазір сол кезең жөнінде «Кеңес өкіметі жылдарындағы сорақы бұрмалаушылықтарды білуші едім, бірақ қарсы шыға алмадым» деп естелік жазып жүргендер бар. Мұндай сөздердің шындыққа қаншалық жанасымды екенін тергемей-ақ қояйық. Менің анық білетінім – елдің көбі, әсіресе, жас буын өкілдері «Коммунизмнің сәулелі болашағына барамыз» деген қызыл ұранға кәдімгідей-ақ иланатын. Мұның аты – замананың идеологиялық ұстанымдарына деген сенім еді. Осы сенім көпшілікті іштей бірлестіретін, қоғамдағы тәртіптілікті, мақсаттылықты шегендеп тұрған дәйекті күш сияқтанатын. Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасында рухани жалғастырып тұрған берік желі де сол сенім еді. Кейіннен

«өмірі орындалмайтын утопия» делініп мансұқталған коммунизм идеясы кезінде адамдарды идеялық бағыттастыққа тәрбиелеуде әсерлі болғанын да мойындау керек. Бұл идеяның шындықтан аулақ екенін түсіну Совет Одағы Коммунистік партиясының XX съезінде Н.Хрущевтің Сталин дәуіріндегі жеке басқа табынушылықты, заңсыздықтарды әшкерелеген баяндамасынан кейін басталған. Бұл арада менің айтпағым – қоғамның барлық мүшесіне ортақ идеал адамдарды ұлы ұмтылыстарға жігерлендіре, ұлты, туысы бөлек нәсілдерді де жақындастыра алатынын еске салу.

Өмірі қысқа болған коммунистік идеологияның жұртшылықты ортақ мүдделер рухында баулитыны қазақ өміріне де әсерін тигізгені бізге мәлім. Ол кезде өз ішінде сан түрлі тайпа, атаға, руға бөлінетін қазақтар бір-бірінен туыстық алыс, жақындығын сұраспай, мінез, мақсат бағытының үйлесуіне орай дос, жолдас бола беретін. Біздің орта мектеп, жоғары оқу орнын бітірген кезіміздегі жағдай осындай еді. Міне, сол тұста табысқан, біліскен замандастарымыз неғұрлым сенімді, саптас, әділ әріптес болып қалғанын айтқым келеді...

Ұзақ жылдарда дос пейіл, тілектес болып жүрген, аралас-құраластығымыз қалың болмаса да, сыйластығымыз үзілмеген Темірбекпен арамыздағы қарым-қатынастың сыры халқымызға хал-қадарымызша қызмет ету жолындағы мұраттастықта деп сипаттаған болар едім. Түркістандық ақын Молда Мұсаның сөзімен айтсақ, «аулымыз алыс болса да, көңіл жақын» еді.

Мен Темірбекпен 1953 жылдың күзінде Қазақ Мемлекеттік университетіне аспирант болған кезімнен таныс болдым. Университеттің Қабанбай батыр (бұрынғы аты Калинин) көшесіндегі үш қабатты жатақханасында – Ербол Жанпейісов, Қабден Абдулғафаров менімен үш аспирант және журналистика факультетінің оқытушысы Темірбек Қожакеев – бір бөлмеде тұрдық. Бұл күнде Ербол

– белгілі тіл зерттеуші, филология ғылымдарының докторы, Қабден физика пәнінің профессоры. Бұлардың әрқайсысының өмір, ғылым жолдары жеке әңгімеге лайық.

Т.Қожакеевтің алға қойған нысанасын әуел бастан белгілеп алған мақсаттылығы мен уақытын зәредей де бос жібермейтін еңбекшілдігі бірден байқалатын еді. Осы қасиеттер оны бірте-бірте көздеген биігіне көтерді, ол әдебиеттанушы ғалымдардың қатарына өзіндік өзгешелігі мол жанр – сатира мен юмордың білгір маманы сипатында қосылды, бұл салада ондаған кітаптар, жүздеген мақалалар жариялады. Ол еңбектерді республикамыздың ғылыми және әдеби жұртшылығы жоғары бағалады.

Маған Темірбектің ұлт қамын кең ойлайтын таза мұраты ұнайтын. Біздің арамыздағы байланысты сақтап келген негізгі себеп осы дер едім. Мен осы Хрущев, Брежнев, Қонаев заманында қайтадан жандана бастаған рушылдық, жершілдік көріністеріне бой алдырмаған, өзінің шынайы еңбекшілдік жолынан ауытқымаған ғалым деп білемін. «Қолымыздан не жақсылық келсе де, халқымызға болсын» деген көзқарас бізді табыстыратын еді. Бұған бірер мысал келтірейін. Темірбек алпысыншы жылдардың ақырғы кезінде докторлық диссертациясын жазып бітірсе де, оны өзі қызмет істейтін Қазақ Мемлекеттік университетінде қорғай алмай жүрді. Бұған университеттің жетекші журналист ғалымдарының арасындағы топшылдық, жікшілдік себепкер еді. Осындай бір күндерде Темекең жаңадан ашылған Қазақ совет энциклопедиясының Бас редакциясына келгені есімде. Ол энциклопедияның бас редакторы, аға сыншы М. Қаратаевқа және Бас редакцияның жауапты хатшысы – маған: «Еңбегімді оқып, пікір берсеңіздер», - деп сұрады. Оның қазақ сатирасына арналған көлемді докторлық диссертациясын Мұқаң да, мен де оқып шығып, қорғауға ұсынуға толық жарайтындығын көрсетіп, жазбаша пікір берген едік. Көп ұзамай Темірбек Баку қаласына барып, докторлық диссертациясын

бірауыздан қорғап кайтты. Осыдан кейін Т.Қожакеевтің ісі алға өрлей берді. Қазақ Ұлттық университеті журналистика факультетінің декандығына жоғарылады, бұрынғы қарсыластарынан ықпайтын болды. Ол осы жылдарда филология ғылымындағы пікір сайыстарына белсене араласып, өз пікірін табанды дәлелдей алатынын, күрескерлік мінезін танытты.

Халықта «Жігіт бірде ақ үй, бірде қара үй тігеді» деген нақыл сөз бар. Темірбек 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін саяси кінә тағылып, жұмыстан шығарылды. Мен, қазақ студенттері Совет Одағы компартиясы орталық комитетінің ұлт саясатына наразылық білдіріп, Республика алаңына шыққанын, «Қазақстанға қазақ басшы болсын» деп талап еткенін олардың елдік санасының көрінісі деп түсінемін. Бірақ маған бұл оқиғаның жалпы мақсаты айқын болғанымен, студенттер наразылығына дем берушілер кімдер деген сұрақ әлі күнге дейін көмескі болып көрінеді. «Қазақстан компартиясының бұрынғы секретары Д. Қонаев қызметінен алынып, оның орнына Г. Колбин тағайындалды дегенді ести салысымен студенттер топ-тобымен Үкімет үйінің алдына ағылды» деушілік жасандылау естіледі. Бұл арада менің айтпағым, осы оқиғаға кінәлілер деп табылғандар қатарында адал адамдардың, белгілі ғалымдардың айыпталып, жұмыстан қуылып, баспасөз бетінде қараланауының әділетсіздік болғаны жөнінде.

Міне, дәл осы кезеңде Темірбектің атына неше алуан қисынсыз ғайбат сөздер айтылды, тіпті оны рушыл, жершілдер қатарына қосып та айыптаушылар болмай қалған жоқ. Т.Қожакеев қазақ әдебиеттану ғылымының беделді көшбасшысы, барлық қайраты мен дарынын халық мүддесіне бағыштаған ұлы ғалым Б. Кенжебаевтың дәстүрін жалғастырсам дейтін шын адал шәкірті еді... Оның басына төнген ауыр жағдайды жеңілдетуге септігі тиер ме екен деген үмітпен Қазақстанның Үкімет басшысы Н.

Назарбаев атына хат жаздым. Ол хаттың түпнұсқасы қазір қолымда жоқ, бірақ қысқаша мазмұны: «Қазақ зиялыларының қаймағы болып табылатын ғалымдарды ешбір нақтылы дәлелсіз зәбірлеу, қудалау қашан тоқтатылады; қырық жыл оқып, көз майын тауысып, еңбек еткен, ғылым докторы, профессор атағын алған мамандарды көшеге лақтырып тастаушылық ешбір өркениетті елде жоқ ал бізде ғалымдарды қаралау үдеп барады; солардың бірі – журналистика ғылымының ең танымалң маманы, жүздеген, мыңдағын шәкірттер тәрбиелеген ұлағатты ұстаз Темірбек Қожакеев. Осы адамның қоғам, халық алдында зәредей қылмысы жоқтығы анық. Сондықтан оған жасалып отырған әділетсіздікке тыйым салынып, қызметіне қайта оралуына көмек беруіңізді сұраймын» деген ойларға саяды. Машинкада басылған бұл хатты мен Қазақстан Министрлер Советінің Төрағасы Н. Назарбаев Қазақстан Жазушылар одағына келіп, қаламгерлермен кездесу өткізген кезде қолына тапсырдым. Сол күні Н. Назарбаевқа ауызша да, жазбаша да сұрақ берушілер аз болған жоқ. Үкімет басшысы менің хатымды дауыстап оқып, «Мұнда көрсетілген ойларыңызды қолдаймын, істі әділ шешеміз» деп жауап берді. Қазақ зиялыларына қырғидай тиген Г. Колбиннің үстемдігі жүріп түрған кезде Үкімет басшысының осындай жауап бергеніне ішім жылып, жиналыстан марқайып қайткан едім... Мен бұл оқиғаны жеке басыма абырой, атақ қосайын деп жазып отырғаным жоқ, мені мұндай қадамға апарған Темірбекпен азды-көпті араласып, пікірлесіп жүрген тұстарда оны мейлінше принципшіл, азбайтын, айнымайтын саптас деп танып, оның асыра сілтеушілер, шовинистер мазағына душар болғанына ызаланғанымнан туған намыс еді. Адамдардың басына саяси айып тағылғанда әділет сөзін айтуға небір жақын, туыс, дос, жолдастардың өзі батылдық ете алмайтын кездер болады. Мұндай жағдайда «ағынға карсы» жүргізетін күш – ұлттық

ортақ мүддемен нұрланған мұраттастық деп білемін... Халқымыздың ақыл-ойы, ар-ожданы болып саналатын зиялылардың әрқашан да ұлы мұраттастық жолында табыса беруін, бір-біріне қамқор, тірек болуын тілеймін!

Дерек көзі:

Темірбек Қожакеев: Ұстаз. Ғалым. Қайраткер. Естеліктер / Құрастырған Мадет Қожакеев. – Алматы: «Мирас» баспасы, 2016. – 15-18-беттер.